

*МРНТИ 16.21.65*

**Ж.А. Абитжанова**

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты  
Алматы қаласы, Қазақстан

**ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ЛЕКСИКАСЫ  
(МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

**Аннотация:** Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ескі қазақ жаз-ба лексикасы, оның семантикалық сипаты қысқаша сипатталады. Қазақ ескі жазу лексикасы, ескі кітаби тіл лексикасы, ескі түркі тілдеріне ортақ сөздер мен кірме, бөгде тілдік бірліктерді талдау, олардың күнгірт келетін түсініксіз сипатын ашу, ескі тілдік бірліктердің лексика-семантикалық ерекшелігі қарастырылады.

**Тірек сөздер:** лексика, семантика, кітаби тіл, сөздік қор, кірме тілдік бірлік.

**Ж.А. Абитжанова**

Научный сотрудник Института языкознания им. А. Байтұрсынова,  
кандидат филологических наук,  
Алматы, Казахстан

**ДРЕВНЕКАЗАХСКАЯ ПИСЬМЕННАЯ ЛЕКСИКА (ПО  
ПРОИЗВЕДЕНИЯМ МАШХУРА ЖУСИПА КОПЕЙУЛЫ)**

**Аннотация.** В статье описывается древнеказахская письменная лексика и ее семантический характер в трудах Машхура Жусипа Копейулы. Рассматривается устаревшая лексика казахского языка, лексика книжного языка, общие слова древнетюркских языков, анализ иностранных языковых единиц, лексико-семантические особенности устаревших языковых единиц.

**Ключевые слова:** лексика, семантика, книжный язык, словарный запас, заимствованные слова.

**Zh.A. Abitjanova**

A.Baitursynuly Institute of Linguistics, Researcher, Candidate of philological sciences  
Almaty, Kazakhstan

**OLD KAZAKH WRITTEN VOCABULARY (BASED ON WORKS BY  
MASHKHUR ZHUSIP KOPEYULY).**

**Annotation.** The article describes the old Kazakh written vocabulary and its semantic character in the works of Mashkhur Zhusip Kopeyuly. Obsolete Kazakh language vocabulary, book language vocabulary, common words of ancient Turkic languages,

analysis of foreign language units, lexico-semantic features of obsolete language units are considered.

**Keywords:** vocabulary, semantics, book language, vocabulary stock, loan words.

Қазақ қаламгерлері XVI ғасырлардан өткен ғасырдың екінші жартысына дейін қазақтың ескі жазба әдеби тілінде жазды. Ескі қазақ жазба тілі үлгілеріне Әбілғазы Бахадүр ханның Шежіре-и Түркі (XVII ғғ.) мен Қадырғали Жалайыридің Жамиғат-Тауарих (XVI ғ.), алғашқы қазақ хандықтарының жарлықтары, бір-бірімен және өзге елдермен арадағы қарым-қатынас қағаздары, XVIII ғ. ресми іс қағаздар мен эпистолярлық үлгілер, XIX-XX ғғ. мерзімді басылымдар, сондай-ақ XX ғасыр басындағы ескі тілде қалам тартқан ақын-жазушылар шығармалары жатады.

XVI ғасырдан XX ғасырдың басына дейін қазақ қоғамы мәдени дүниесінде ауызша төл әдеби тілмен қатар және бір әдеби тіл өмір сүрді. Ол – бірқатар түркі халықтарына ортақ ортаазиялық жазба әдеби тіл – түркінің «жергілікті» (қазақтың), кейінірек 19 ғасырдың соңғы ширегінде «кітаби тіл» атанған түрі. Мұның қолданылу аясы төл әдеби тілден басқа болды. Ауызша қазақ әдеби тілі көркем әдебиет пен заңсот (билер сөздері) ісі, шешендік өнері сияқты салаларға қызмет етсе, түркілік жазба тіл ресми қағаздар мен хат түріндегі (эпистолярлық) жанр, мұсылманша діни әдебиет және ғылым салаларында қолданылды. «Кітаби тіл» туралы ой-пікірлер бар-шылық, соның бірқатарына тоқталайық. Б. Кенжебаев «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1976) еңбегінде «кітаби тіл» туралы былай дейді: «*Кітаби*» деген атау ертеде хрестиян діндарлары арасында діни кітап «Инжіл» ережелерін бұлжытпай орындаған, бұлжытпай орындауды жақтаған, уағыздаған, адамдар жөнінде қолданылған. Оны біздің XX ғасыр басындағы ақындарымыз жөнінде қолдану мүлде орынсыз [1, 33 б.]. М.Балақаевтың «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» (1984) еңбегінде «*көне әдеби тіл*» – деп, түркі халықтарына ортақ орта ғасырлық тілді атайды да, ал «*кітаби тіл*» жаңа тіл, Октябрьден кейінгі «*әдеби тіл*», «*қазіргі әдеби тіл*» – деп аталғаны жөн» – дейді [35 б.]. Р.Сыздықова: «...қазақ топырағында «*кітаби*» деп аталған тілде жазылған үлгілер» деп қарастырса, С.Исаев: «...кітаби – тіл дәстүрі және оның қазақ әдеби тілі тарихында алатын орны туралы сипаттай келе «*кітаби тіл дәстүрі*» деген тілдік құбылыстың үш анықтамасын келтіріп қорытындылайды: «...*кітаби тіл грамматикалық жағынан көптеген түркі халықтарына ортақ дәстүрі бар тіл*» – дейді. С.Е.Малов ол кітаптар тілін «*кітаби мұсыл-маниша татарша жаргон*» деп пікір білдірсе, В.В.Радлов бұрын «қазақтардың өз жазба әдеби тілі болған жоқ», ал қазақша жазылған кітаптар тілі «шұбарланған қос-па тіл» – деп пайымдайды.

Ғ.Мұсабаев: «...*бұқараға кең тараған тіл болды...*», І.Кеңесбаев., Ғ.Мұсабаев «...*кітаби тілдің дәстүрі тым ұзақтан кетеді...*» деп тұжырымдаған. Жалпы «*кітаби*» деген атауды өз мағынасынан бөлек, басқа ғасырлар әдебиет өкілдерінен жеке қарастыру үшін XX ғасыр басындағы бұқарашыл ақын-жазушыларды «*кітаби әдеби тілдің өкілдері*», олардың тілін «*кітаби әдеби тіл*» деп атау орынды.

Б.Кенжебаев мынадай пікірі бар: «Ал қазақ тілінде XIX ғасырда, XX ғасыр басында шыққан кітаптардың тіліне келсек, олардың көпшілігінің тілі шұбар: араб, парсы, татар, башқұрт, өзбек сөздері аралас келеді, ...». М.Балақаев былай дейді: «Өйткені бір жағынан Абай, Ыбырайлар дәстүріне үн қоспай, сүзек ауруындай созылған ескі «шағатай тілі» үлгілері орынсыз көп қолданылып, әдеби тіл бөгде тіл сөздерінен тез арада арылмай қойды, шым-шытырық шұбар ала тілді өлеңдер, мақалалар баспасөзде кездесе береді». «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты»

газеттері мен «Айқап» журналы туралы сөз болып отыр. XIX, XX ғасыр тілінде де осындай уақытша өткінші кезеңдер болды.

М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаевтың «Қазақ тілінің стилистикасы» (2005) еңбегінде бұрынғы дәуірлердегі жазба мұралардың тілі, соларға тән жазу дәстүрлі ескі кітаби тіл деп, ал сол нұсқаларда қолданылған түркі тілдеріне ортақ сөздер ескі дәуірдегі кітаби лексика деп аталатыны көрсетілген. Кітаби лексикаға публицистикалық, ғылыми және ресми құжаттар стильдерінде, көркем әдебиет тілінде қолданылатын сөздер жатады. Кітаби лексика дегеніміз көне жазба нұсқаларда қолданылатын бүкіл түркі халықтарына ортақ сөздер. Кітаби тілдің негізі – көне түркі тілі. Кітаби тілдің елеулі белгілері: а) ертедегі әдебиеттің тұрақты дәстүрінің болуында, ә) көркем баяндаудың стандартты формасының болуында, б) кітаби лексикадағы сөздердің әуел баста тіл бұзарлық (варваризм) жолымен еніп, кейіннен бұл стильде тұрақты болып қолданылуында. Кітаби лексика дегенді тек қана араб, парсы сөздері деп түсінуге болмайды, ондағы араб-парсы сөздері оның бір стилдік белгісі ғана. Осыған сәйкес қазақ ескі жазу лексикасының өзіндік тілдік табиғатын түсіну үшін түркі тілдеріне ортақ сөздер мен кірме, бөгде тілдік бірліктерді талдап екішеп алу қажет-ақ. Санамызда көмескіленіп, бейтаныс сөздерге айналған тілдік бірліктердің күңгірт келетін түсініксіз табиғатын ашу орынды. Сондықтан ескі қазақ жазба тілі, ескі кітаби тіл лексикасы тұрғысынан Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларына зерттеулер жүргізу маңызды болып табылады. Зерттеу барысында ескі тілдік бірліктердің лексика-семантикалық ерекшелігін зерттеудің маңызы зор, ол тарихи сөздік қорымызды байытудың алғышарты.

«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының этномәдени негіздері» (2005) тақырыбында докторлық диссертация қорғаған Айтмұхамет Тұрышевтың мынадай пікірі бар: «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тіл байлығы кең. Ол байырғы, ескі сөздерді (историзм, архаизм) көп қолданған. Әсіресе, салт-тұрмысқа, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, үй-жиһаз, киім-кешек, аңшылыққа, киіз үйге қатысты, адам дүниеге келгеннен, өткенге дейінгі кезеңдегі қолданылған сөздерді т.б. айта беруге болады. Сол сияқты, шығармаларында байырғы ескіліктер, әсіресе көне сөздер, араб, парсы, орыс тілінен енген сөздер, моңғол, қалмақ т.б. кездеседі. Ал көне түркі сөздерінің орны тіптен бөлек. Тағы қайталап айтамын, Мәшһүр Жүсіпте біз естімеген қазақтың байырғы сөздері өте көп» [2].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында кездесетін ескі сөздердің қолданысында біраз ерекшеліктер байқалады. Мысалы: *еліге* (еліне), *жазғытұрғы* (жазғытұры), *иақұт* (жақұт), *ақымақлық* (ақымақтық), *жаслық* (жастық), *әбдіре* (абдыра), *қатынлар* (қатындар), *һүкімет* (үкімет), *лашкер* (әскер), *дұшпанлық* (дұшпандық), *залымлық* (залымдық), *қағыба* (қағба), *азһар* (ызғар), *ауаз* (әуез), *пұшайманлық* (пұшаймандық), *мұсылманлық* (мұсылмандық), *ағыза* (ағза), *құда* (құдай), *харіп* (әріп) т.б.

Байырғы ескіліктер, әсіресе көне сөздер, араб, парсы т.б. кездеседі, олардың семантикалық сипаты төмендегідей:

*Хакім* – әртүрлі ғылымды меңгерген, сол ілімімен адамға ізгі қызмет қылуды мақсат еткен *ғұлама*. Абыраһа Арбат пенен сол шаһарда, Қанша уақыт *хакім* болып тұрды (ана) онда («Абыраһа мен Мұғылаб»).

*Жәдігер*. Жәдігер дегеніміз атадан балаға баладан немереге мұра болып келе жатқан дүние. Бір нақыл, жұртқа таңсық *жәдігер* сөз, Хазірет Ғайса рухолла пайғамбардан («Шайтанның саудасы»).

*Мікір-хайла* – қастық айла. Жүгім бар бір есекте – *мікір-хайла*, Мұнымен келтіремін үлкен пайда («Шайтанның саудасы»).

*Тамиғ* – дәм ету, тілемсектік. Артқаным бәріне де *тамиғ* еді, Біреуін тілеушілер талап кетті («Шайтанның саудасы»).

*Ғарін/кәріп*. Араб-парсылық ғарыб (кәріп), түркі тілдерінде «кедей», «жарлы», «қайыршы», «кедей», «сорлы» мағыналарында қолданылады. Сәлемді жолыққаның көп айтыңыз: Мәшһүрдің кәріп (ғарыб) болған анасына! (Анама хат); Тапсырдым бір Құдайға мен басымды, Өткіздім *кәріптікпен* дер жасымды! («Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста»).

*Міскін/Мискин* – бір күндік напақасынан (тамағынан және киімінен) басқа еш нәрсесі болмаған мұсылман. Көрініп кәріп халі тұра алмас ем, Бір *Міскін* халық ішінде жан болғандай («Қиянат»).

*Шарифат*. Шарифат «тура, дұрыс жол», мұсылмандардың иманын айқындап, адамгершілік мұраттары мен діни ожданын қалыптастыратын, сондай-ақ олардың мінез-құлқын реттеуші нақтылы өлшемдер бастауы болып табылатын *Құран* мен *сүннеттер* арқылы пысықталған нұсқаулар жиынтығы («Қиянат»).

*Ғам* – қайғы, қасірет. Адамды мал орнына жұмсауымыз, Бір емес, бар қазаққа *ғам* болғандай! («Қиянат»).

*Ғайыбы*. «Ғайып» араб тілінен тәржімалағанда «жоқ болып кету», «көзден тасалану» деген мағына береді. Халықтың *ғайыбын* көруге бек қырағы, Бір алуға бетіннен итше қауып («Соқыр, саңырау және жалаңаш»).

*Ғапыл*. Ғапылдық «елемеу, көңіл бөлмеу, жаңылу, салғырттық» деген мағыналарға ие. Қуады, дүние, сені барша халық, Сен деп жүріп өмірі, *ғапыл* қалып («Ит дүние»).

*Шанааш*. Ешкі терісінен жасаған ас құятын ыдыс. Сен иттің жаның ырза, жолдасың сол. Ішпей, жемей, *шанаишқа* қойса салып («Ит дүние»).

*Хайла* /араб/ – айла. Айтатын құран сөзін молда қайда? Дүние үшін ойлағаны амал, *хайла* («Жарты нан»).

*Ұғыл* – ұл. «Бұл ақшанды тауып үзермін!» – деп, Екі *ұғылын* (ұлын) кәпірге берді дейді («Бозторғай»).

*Минат* (араб.) – ізет, қайыр; шүкірлік; міндет, борыш. Бес парыз мұсылманға *минат* болған, Ораза, намаз, зекет, қажы, – ол – нұр иман! («Жарапазан»).

*Үшбу* – осы, осынау. Ораза тұт, *үшбу* айда оқып құран, Қараңғы керде шамың жағып тұрған («Жарапазан»); Тірлікте *үшбу* хатты тамам қылған, Сөз айттым ықыласпен бұрынғыдан («Мысал-аңыз үлгілері»).

*Ғасы, асы* (араб.) – күнәһар, шарифатқа қайшы істер жасаған кісі. Асылық айтып Аллаға, Күнәһар *ғасы*, болмаған («Тәтиді жоқтау»).

*Әурет* (араб.) – нақыс, кемшілік, олқылық. Көп тілеуі көл болғай, Көпсінгенде дәулетін, Аян болсын *әуретің!* («Тәтиді жоқтау»).

*Парша* – алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқыған жылтырақ жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім. *Парша* менен мәулімді, Боз бояқтай жұмсаған, Жорға менен жүйрікті, Тай, құнандай жұмсаған («Тәтиді жоқтау»). Мұндағы мәулім «мата-кездеме атауы».

*Дәлелет* (араб.) 1) көрсету, жол көрсету, басшылық, нұсқау; 2) дәлелдік; 3) белгі. Көлденең ағайындар *дәлелет* қып: «Бұзылма сендер бүйтіп!» дей алмайды. Бастаса пайдалы іске біреу шығып, Соңына көмек беріп ере алмайды («Дауасыз дерт»).

*Хасыл* (араб.) – нәтиже, қорытынды; арманына, мақсатына жету. Мақсаты асыл (хасыл) болып ойындағы, Алла һәм ер тілегін мақұл еткей! («Дауасыз дерт»).

*Ғазиз* (араб.) – қымбатты. Таппасаң дертке дауа, *ғазизларым*, надандық дауасы жоқ ауыр дерттей! («Дауасыз дерт»).

*Бөз* – арзанқол маға. Баршаны *бөздей* жырттырған, Жібекті жүндей түттірген («Жоқтау»). Мұндағы барша «алтын мен күмістен безелген маға» («Жоқтау»).

*Қауға* – құдықтан су тартағын теріден істелген ыдыс. Шыңыраудан алып, су ішкен, Шынжырлы *қауға* тақтырған («Жоқтау»).

*Жұмырық* – жұдырық. *Жұмырықтасып* жүргенде, Мұрындары қанасты («Сайын батыр»).

*Қамқа* – зерлі жіптен тоқылған жібек маға. Астына жорға мінгізіп, Үстіне *қамқа* кигізіп! («Сайын батыр»).

*Міскін* – бейшара, жарлы, ешнәрсесі жоқ, пақырдан да жағдайы төмен кедей. «Қашан болар екен?» – деп, Екі *міскін* жылады («Сайын батыр»).

*Һұммат* – үміт. Ұстаз пірдің *һұмматы* болып жәрдем, [Бір] ұшсам, кете берем, бар қанатым («Мәшһүрдің өзін таныстыруы»).

*Қияпат* – түр. Орта бойлы, қой көзді, пітір (піти) мұртты, Аққұба, бидай өңді *қияпатым* («Мәшһүрдің өзін таныстыруы»).

*Тариқат* (араб.) – исламдағы ақиқатқа жетудің мистик, танымдық жолы. Өзі жастай *тариқат* жолын іздеп, Әбілқасым ишанға қызмет еткен («Мәшһүрдің өзін таныстыруы»).

*Нәуи/нәби* (араб.) – әулие, күдірет, жаратушы, елші; яғни жаратушының елшісі. Бабамыздың аты екен – Шермұхаммед, Құдайға – құл, *нәуиге* (нәбиге) болған үмбет («Мәшһүрдің өзін таныстыруы»).

*Көнек* – теріден тігілген шелек. *Көнекте* тұрған қымызың бар ма?! – деп ұрсады екен (Қалмақ Сарыарқадан ауғанда, тамақ сұрап жылаған балаларына айтқаны).

*Едипе/Медине/Мәдине* (араб.) – *мұсылмандардың* қасиетті қаласы. Жүз жиырма төрт пайғамбар, Меккедегі әулие, *Мединедегі* әулие, Хан Шыңғыста әулие, Қызылтаудың басында – Қыз әулие, Баянауласында – Қоңыр әулие, Өгізтаудың басында – Өгіз әулие, Қошқартаудың басында – Қошқар әулие! («Бақсының сөзі»).

*Ғатір* – әгір. Бұрқырап бу тартпадан әгір (*ғатір*) жұпар, Фарауам озхан мұрын жарып («Бір үйге»).

*Мәсдар* (парсы) – бастау, қайнар көз. Онда бар Хақ жаратқан екі *мәсдар*, Маседары наху сарыфтың болмайды астар («Бір үйге»).

*Заһар* – у, улы зат. Ғаламға қылып *заһар*, шашты нұрын, Құлақ, көз, беріп бізге ауыз, мұрын («Кәф пен нон»); Заһардан – бал, тікеннен гүл шығарып, Жұма күні жаратты адамзатты (Құдайым жексенбі күн жер жаратты).

*Малма* – тері илейтін ашытқы, иге салатын теріні асты-үстіне шығарып, араластыру. Қымызға қара саба аңсамайды, *Малманың* болған үйір шелегіне («Бір үйге»).

*Ғарыз* (араб) – арыз, өтініш. Әрі өлең – бұл жазғаным – әрі *ғарыз*, Емес қой үндеместік уәжіп, парыз («Кәф пен нон»); *Ғарыз* егіп тіленбестен менен мұны, Түйенді талап қылдың үшбу күні (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Уәжіп* – берік, қажеттілік, қажетті нәрсе. Әрі өлең – бұл жазғаным – әрі ғарыз, Емес қой үндеместік *уәжіп*, парыз («Кәф пен нон»).

*Пұшайман* (парсы) – бейшара, сорлы, қайғы, өкініш. Маған десең, дәурен сүр жүз мың хандық, Қолыңа ұстағаның – *пұшайманлық* («Мінілмеген көлік»).

*Ғазап* (араб) – ауыр бейнет, қиыншылық. Сауап, *ғазап* жағына бастырмай-ақ, Еркімізбен жай қойсаң, құлдық! – дейді (Құдайым жексенбі күн жер жаратты.).

*Қасер* – мүсәпір, кемтар адам. Кәріп пенен *қасерге* қайыр беріп, Жұрт көзіне түсір, – деп, – байлығыңды! (Құдайым жексенбі күн жер жаратты.).

*Пул* – теңге. Көп қатары соған *пул* жібермесең, Қор болып жойылмай ма Қазақ атың?! (Құдайым жексенбі күн жер жаратты); *Пұлмен* бірге аттарың барса жетіп, Дұға қылар олар да еріп кетіп (Құдайым жексенбі күн жер жаратты).

*Қолат* – қойнау. Мұнан да артық дәулетті боласың бай, Қой, жылқымен толады *қолат* пен сай (Құдайым жексенбі күн жер жаратты).

*Ғалаб, ғалып* (араб)– жеңу, үстем болу. Жаһутке (жөйтке) Зунас патша болды *ғалып*, Халқымен Жаһут дінін қабыл алып (Абыраһа мен Мұғылаб); Біріміз *ғалып* болып өліп кетсек, Ұрыспай-ақ мәдіғамыз бітеді тез (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Нама* (парсы) – хат, жазу. Хабыстың патшасына жазды нама: Насыранидің дініне ерді *нама* (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Лашкер* (парсы) – әскер, қосын. Зунасы һәм *лашкермен* қарсы шығып, Сахарада келе жатқан жолын алды (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Барһам* (парсы) – аласапыран, аралас; қиын, күрделі; ретсіз. Қағыбаны *барһам* етіп, жоқ қылайын,Қабыл көріп, піл Махмұтты берсең маңа (маған)» (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Хадден* (араб) – шектен, шамадан тыс. Бұл соғыс қатты болды *хадден* өтіп, Арабтарды Абыраһа жеңді күші жетіп (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Хар* (парсы) – қор, қорланған, қор болған. Сіздерді өлтіргелі келгемін жоқ, Қағыбаның үйін бұзып, істесем *хар* (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Ауаз, һауаз* (парсы) – дауыс, үн. Абыраһа Мұғылабтан мұны есітті, *Ауаз* (әуез) ғып, ашуланып, қаһар етті (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Харап* – жойылу, құру. Қағыбаны үшбу күні *харап* қылсам, Иесі ғылаж қылар нешік маңа (маған)?! (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Халас* (араб) – құтылу, бос болу, арылу, құтқарылу; құтқару, тыю. Меккені адамлардан қылып *халас*, Қауымына Мұтылаб һәм бардылар тез (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Нағыра* (араб) – ұрыс барабаны. Пілден соң әскерінің бәрі жүрді, *Нағыра* тартып, қаһарланып дабыл ұрды (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Насыр/наср* (араб) – жәрдем беруші, көмек етуші; жеңімпаз. Аз уақытта *насыралардың* өліктері, Ыстықтан сасып кетті оның бәрі (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Тамкүн* – шейіт болу. Меккенің адамдары *тамкүн* болды, Лаж жоқ, тазартпасқа болмады, әні! (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Шарпы* – жарты, жартылай. Расулдің жасы *шарпы* қырыққа келіп, Айтайын пайғамбарлық келгенлерін (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Ғинаят* (араб) – көмек, мейірім, шарапат, ықылас. Алладан жәрдем тілеп, һәм *Ғинаят*, Үшінші ракін сидан айлады хат (Абыраһа мен Мұғылаб).

*Уахи* – жасырын сөйлесу, сыбырлау, айту, сөйлеу, ишара ету. Достыңа *уахи* келген оқиғасын, Айтпағыма иланғайсың асан маңа (Мұхаммед пен Әбужаһил).

*Асан* – өте әдемі, көрікті, сұлу, жақсы. Достыңа уахи келген оқиғасын, Айтпағыма иланғайсың *асан* маңа (Мұхаммед пен Әбужаһил).

*Ғар/қар* (парсы) – жаман. Мұныңмен алты ай һәм тамам болды, Бір күні *ғар* қасіретке Расул барды (Мұхаммедке пайғамбарлық келгені).

*Фазыл* – артықшылық, бекзаттық; ырзық-несібе. *Фазылымен* Алла сізге кәрім етіп, Пайғамбарлықты мағбас етті анысы жанға! (Мұхаммедке пайғамбарлық келгені).

*Расул* (араб) – елші, уәкіл, хабаршы. Хысырыиарды оқы! – деп, және берді, Қолына *Расул*-құда алып көрді (Мұхаммедке пайғамбарлық келгені).

*Taharat* (араб) – тазалық, таза болу, тазарту. Үйреткен тағылымы бірла *maharamat* алып, Жебірейіл имам болып, намаз қылды (Мұхаммедке пайғамбарлық келгені).

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармаларында бірен-саран шағатай тілінің элементтері, арап-парсы сөздері кездеседі, бірақ тілі шұбар ала болды деп айта алмаймыз. Бұл орайда Т.Қордабаев мына пікірін келтірейік: «Өткенге қазіргі тіліміз мұнарасынан қараушылар, әдетте, көне жазбалар тілін «қойыртпақ», «қоймалжын», «шұбар тіл» т.б. деп тоқсан саққа жүгіртіп сықақ етеді. Бірақ, сол қойыртпақтың қазақтың жазба тілінің, әдеби тілінің қалыптасу тарихындағы алғашқы кезең, алғашқы бір дәуір болғандығын мойындамау тарихқа қиянат жасау болар еді». Олай болса, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармалары арқылы халқына үлкен қазына қосты, тілін дамытуға зор үлесін тигізді. Ол кітаби әдеби тіл мен жаңа жазба әдеби тілді жалғастырып жатқан алтын көпір іспетті.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1976. – 265 б.

[2] [https://adebiportal.kz/kz/news/view/aitmuhamet\\_turishev\\_mashhur\\_zhusip\\_koreiulin\\_tanu\\_zertteu\\_toktagan\\_zhok](https://adebiportal.kz/kz/news/view/aitmuhamet_turishev_mashhur_zhusip_koreiulin_tanu_zertteu_toktagan_zhok) 19700. Тұрышев А.Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын тану, зерттеу тоқтаған жоқ. [Электрон ресурс]. (жүгіну уақыты 26.01.2018).

[3] <http://bilim-all.kz>. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдері. [Электрон ресурс]. (жүгіну уақыты .26.01.2018).